

Түркістан облыстық мәслихатының "Түркістан облысының халқын орталықтандырылмаған ауызсумен жабдықтау кезінде жер үсті және жер асты су объектілерінен су алу Ережесін бекіту туралы" 2019 жылғы 9 желтоқсандағы № 44/476-VI шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Түркістан облыстық мәслихатының 2024 жылғы 24 қазандағы № 13/177-VIII шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 30 қазанда № 6612-13 болып тіркелді

Түркістан облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Түркістан облысының халқын орталықтандырылмаған ауызсумен жабдықтау кезінде жер үсті және жер асты су объектілерінен су алу Ережесін бекіту туралы" Түркістан облыстық мәслихатының 2019 жылғы 9 желтоқсандағы № 44/476-VI шешіміне (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5382 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Түркістан облысының халқын орталықтандырылмаған ауызсумен жабдықтау кезінде жер үсті және жер асты су объектілерінен су алу ережесінде:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-сумен жабдықтауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар, сондай-ақ орталықтандырылмаған су көздерінің ауыз су сапасы өзінің құрамы мен қасиеті бойынша "Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға және суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 20 ақпандағы № 26 бұйрығымен бекітілген "Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға және суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына сәйкес болуы тиіс."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК